

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

IRSTI 14.35.09

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.17>

М.С. АУҒАНБАЕВА¹ 

Г.Б. МАМАЕВА² 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: marhaba75@mail.ru¹, gulnar.mamaeva@mail.ru²)

СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Университет студенттері арасында сөйлеу мәдениетін зерттеу лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және технологиялық факторларды қамтитын күрделі және жан-жақты жұмыс. Бұл жұмыс сөйлеу мәдениеті тұжырымдамаларын анықтауға және нақтылауға, оның дамуына әсер етуші факторларға назар аударуға, университет студенттерінің сөйлеу мәдениетінің қазіргі деңгейін талдауға, түрлі мәселелер мен қиындықтарды анықтауға, сөз мәдениетін жетілдіру мақсатында стратегиялық жоспарлауға негізделген. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру болашақ маман үшін академиялық даму және кәсіби алға басу үшін өте маңызды. Ауызша қарым-қатынас нормаларын сақтай отырып, студент жастардың түрлі іс-шараларда, күнделікті өмірде дұрыс сөйлеуі қоғам талқысында екені белгілі. Жастардың сөз тіркестерді дұрыс қолданбауы, диалект, орыс тілінен, басқа да шет тілдерден енген сөздерді көп қолдануы, жаргон сөздерді қосуы секілді бірқатар жастар тіліндегі қателіктердің көбеюі кез келген лингвист-зерттеушілерді алаңдатады. Одан бөлек, ел алдында сөйлеуде қысылуы, екпінді дұрыс қоймауы, дауыс ырғағымен жұмыс жасамауы, сөйлеу барысында бейвербалды әрекеттердің дұрыс қолданыс таппауы сынды мәселелер көп студенттердің бойынан табылады. Сондықтан зерттеу барысында студенттердің нақты тілдік шеберліктерін қалыптастыру жолы, жетілдіру жолы, қателіктермен күресу жолдары зерттелді. Эксперимент жасалып, нәтижелері көрсетілді.

Түйін сөздер: сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы, университет студенттері, жастар тілі, білім жүйесі, ауызша сөйлеу мәдениеті

Кіріспе. Тіл тек ойды жеткізу мен қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар мәдени білімді жинақтаудың негізгі құралы. Тіл кез келген ақпаратты беру, сақтау, пайдалану және жаңғырту қызметтерін атқарады. Тіл тазалығы – ана тілін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Ана тілінің шұбарлануы ауызекі тілде ғана емес, жазба тілде де орын алған. Өз тарихына, дәстүріне, туған жеріне, туған тіліне құрметпен қарап, қадірлеген адам ғана мәдениетті. Қоғамдағы сөйлеу ортасы адамдардың тілі мен мәдениетінің жай күйін көрсетеді. Тіл мәдениеті әрқашан да өзекті. Қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. Сөз әдебінің қарапайым нормаларын ұстанбау, тілді шұбарлап, ойды дұрыс, түсінікті етіп, жеткізе алмау, басы артық бос сөздерді қолдану, ойын шашыратып жіберу, мағынасы жоқ қате қолданыстағы сөздерді қолдану мәселелері жетерлік. Әсіресе, жастардың кейбіреуі шалағай, өзге тілдің сөздерін қосып, араластыра сөйлесе, бірі сленг, жаргон, диалектілермен сөйлегенді сән көреді. Мақаланың

мақсаты – жоғары оқу орындары студенттерінің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, процесінің мазмұндық сипаттамаларын, сөйлеуді оқыту әдістемесін және оларды оқу процесінде қолданылуын қарастыру. Сөйлеу құзыреттілігін зерттеудің негізгі әдістері: мәселені теориялық және әдіснамалық талдау, салыстырмалы талдау, эксперимент, сонымен қатар тенденциялар мен заңдылықтарды анықтайтын мәліметтерді өңдеудің статистикалық әдістері қолданылды. Зерттеу барысында студенттердің сөз қолданысының үйлесімділігі мен күрделілігі сөйлеу деңгейінде қарастырылды. Студенттердің сөйлеу әрекетін талдау мәтіннің тілдік, сөйлеу және мазмұндық-семантикалық деңгейлеріндегі лингвистикалық ерекшеліктерін, студенттердің сөйлеу әрекетінің психологиялық, оперативті-динамикалық, мотивациялық, танымдық, эмоционалды, реттеуші және өнімді компоненттерін қарастырады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Алғаш тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, сөз тазалығы мәселелерін А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» [1] еңбегінде сөз өнері ғылымын тіл қисыны, сөз талғау деп қарастырады. М. Балақаев тіл мәдениетін дамытуға қойылатын талаптарға, баспасөз тілінің мәдениетіне кеңінен тоқталады. М. Балақаев, М. Серғалиевтің «Қазақ тілінің мәдениеті» [2] еңбегінде тіл мәдениетінің басты салалары – сөздің дұрыстығы, тазалығы, айқындығы, мәнерлілігі, логикалылығы, қисындылығы туралы ғылыми түсініктер берілген. Сөз мәдениетінің құрылымдық-жүйелік аспектісіне лингвистикалық нормаларды жатқызған, сондай-ақ, сөзтану, сөз мәдениетінің қолданбалы қызметін зерттеп, ғылыми-теориялық тұжырым жасап, әлеуметтік базасының өзекті мәселелерін қарастырған ғалымдардың тұжырымдары салыстырылады.

Зерттеудің әдістемелік аппараты мынадай ғылыми әдістерден тұрады: талдау және синтез, абстракция және жалпылау, индукция, дедукция, аналогия, жүйелік, құрылымдық-функционалдық, ықтималдық. Теориялық ғылыми әдістер: жүйелік-деңгейлік, теориялық-аналитикалық және функционалдық-зерттеу, ғылыми әдебиеттердің мазмұнын талдау; эмпирикалық мәліметтерді жинау әдістері (тест, сауалнамалар, тікелей, жанама, бақылау, әңгімелесу, сұхбаттасу, эксперимент, өлшеу, студенттердің жеке сөйлеу ерекшеліктерін жалпылау); студенттердің іс-әрекетін талдау; конструктивті интерпретациялық әдістер (факторлық және корреляциялық талдау, объективті параметрлер мен өзара әрекеттесу мен мінез-құлықты субъективті бағалау арасындағы байланысты сандық және сапалық бағалау; бастапқы мәліметтер мен эксперимент нәтижелерін статистикалық талдау).

Талқылау мен бақылау. Отандық зерттеушілердің көпшілігі қазақтың дәстүрлі сөйлеу мәдениетін зерттеп, қазіргі білім берудегі ауызша дәстүр мен мәдени мұраны сақтаудың маңызын көрсетеді. Олар сөйлеу мәдениетін дамытудағы әңгімелеу мен халық әңгімелерін ерекше атайды. Тіл – әрқашан айналымда және қолданыста болатын жанды құбылыс. Сөйлеу мәдениеті ұғымы лингвистикалық нормаларды ұстануды, дұрыс сөйлеуді, дұрыс жазуды және тілді дұрыс қолдануды қамтиды. Дамыған және бай лексика ұлттың мәртебесін көтеріп, өз халқына қызмет етеді. Қарапайым ауызекі сөйлеуден бай тілге айналуының күрделі қалыптасу тарихы бар.

Қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениетінің теориялық негізін А. Байтұрсынұлы қалады.

А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің ғылым екендігі жайында, тіл қисыны, сөз талғау мәселелеріне тоқталып, сөз талғаудың 5 түрлі шартын көрсетеді. Олар:

1. Сөз дұрыстығы;
2. Тіл тазалығы;
3. Тіл анықтығы;
4. Тіл дәлдігі;
5. Тіл көрнектілігі.

«Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

1. Сөздердің түлғасын, мағынасын өзгертегін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп әрқайсысын өз орнына тұтыну.
2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.

3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру.

Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау» [1, 150].

М. Балақаев: «Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ» [2, 289] деп тұжырымдайды. М. Балақаев, С. Серғалиев:і «Қазақ тілінің мәдениеті» еңбегінде «Сөздің тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу» [3, 82], - дейді

Р. Сыздықтың тіл мәдениеті туралы пікірі мынадай: «Ең алдымен, тіл білімінің осы саласын қазақша қалай атаған дұрыс: «тіл мәдениеті» ме, «сөз мәдениеті» ме, «сөйлеу мәдениеті» ме? Орыс тілінде көбінесе «культура речи» деген термин қолданылып жүр. Сонымен қатар оның синонимі ретінде «культура языка» деген тіркесті де біраз уақытқа дейін (тіпті қазірдің өзінде де) қолданылғандығы байқалады. Орыс лингвистикасында «язык» және «речь» деген терминдер – дербес атаулар: «язык» – тілдің өзі («таңбалар жүйесі») болса, «речь» – сол тілдің қолданыстағы күйі (көрінісі). Тіл мәдениеті, яғни тілдік элементтердің дұрыс қолданысы, сол тілді жұмсау барысында талап етіледі, демек, бұған «культура речи» деген термин дәлірек келеді. Ал қазақ тіл білімінде «язык» пен «речь»-ті айырып атайтын терминдер әлі қалыптаспай келеді. «Язык» дегенді «тіл» делік, ал «речь»-ті қалай атауымыз керек. Оны «тіл», «сөз», «сөйлеу», «тіл қолданысы», «қолданыс» деп әрқайсымыз әр түрлі беріп жүрміз. «Культура речи» деген сияқты білім-ғылымның жалпы бір саласын атау керек болғанда «сөз мәдениеті» деп алған дұрыс сияқты, ал баяндау барысында, контексте «қолданыс», «тіл қолданысы», «сөйлеу» деген сөздер де «речь» мағынасын бере алады [4, 20].

Н. Уәли: «Тіл мәдениетіне қажетті аса маңызды салалардың бірі – сөз тазалығы» [5, 75], – дейді. Д. Әлкебаева сөз мәдениеті туралы былай дейді: «Сөз мәдениетін экологиялық аспекті тұрғысынан қарастыру мәселесі өте көкейкесті... Сөз экологиясы дегеніміз ойлау-сөйлеу мәдениеті, сөйлеу тәртібі, лингвистикалық дәстүрге тәрбиелеу, ұлттық тілді қорғау және «тазалау», ұлттық тілді меңгеру, сөз сапасын арттыру, функционалды стильдердегі баланстарды сақтау, сөз эстетикасының жолдарын анықтау деген ұғым түсініктердің кешенді мәселелерін қарастырады. Сөз мәдениеті мәдениет экологиясының ең маңызды бөлігін құрайды» [6, 99].

«Сөз мәдениеті» тіркесі 2 мағынада қолданылады:

1. Сөз мәдениеті деп әдеби тілдің ауызша және жазбаша ережелерін, яғни дұрыс жазу, екпінді дұрыс қою, сөзді, тіркестерді дұрыс мағынада дұрыс қолдануды және грамматикалық заңдылықтарын сақтауды айтамыз.

2. Сөз мәдениеті тіл білімінің бір саласы ретінде зерттеледі. Оның мақсаты – тіл біліміндегі лингвистикалық нормаларды зерттеу. Сөйлегенде өзіміздің кім екенімізді, қайдан келгенімізді, қандай екенімізді көрсетеміз. Сөйлеу мәдениеті – қарым-қатынастың негізгі, маңызды бөлігі.

Жалпы, тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті дегеніміз сөздерді дұрыс қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), қосымшаларды дұрыс жалғау, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу, тілдік нормаларды сақтау.

Шет елдік ғалымдардан А.Ф. Селви түрік әлеуметтік лингвистикасына шет тілінің ықпалын төмендегідей жіктейді:

«1) шеттілдік кірме сөздер; 2) шеттілдік жұрнақтар; 3) шет тілінде жазылатын сөздер; 4) шеттілдік символдар; 5) шеттілдік жазулар; 6) шет тіліндегі дүкен атаулары; 7) шетел сөздерін түрік тіліне сөзбе-сөз аудару» [7, 185]. С. Чен 1991-2015 жылдары ғылыми базада индекстелген журналдарға жарияланған эколлингвистикалық зерттеулерге шолу жасай келе, былай қорытындылайды: «Эколлингвистика бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары 2000 – ыншы жылдардан бастап қарқынды өсті. Бұл сала тіл саясаты, жоспарлау саласындағы зерттеулермен сипатталады. Эколлингвистикада адам санасы, қоғам және табиғи орта арасындағы өзара байланыс қарастырылады. Жоғарыда

келтірілген тұжырымдар мен талқылаулар, яғни эволюистика мәселелері индекстелген журналдардың жарияланымдарына негізделген. Сондықтан көрсетілген статистикалық талдауды соңғы 25 жылдағы эволюистиканың дамуына нақты баға деу мүмкін емес» [8, 114]. Д. Кристал: «Сыни тұрғыдан ойлау мен тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытудағы сөйлеу мәдениеті академиялық жетістік пен кәсіби өсу үшін қажет. Сөйлеу мәдениеті қалыптасқан студенттер өз идеяларын нақты тұжырымдауға және мазмұнды пікірталастарға қатысуға қабілетті» [9, 45] деп тұжырымдайды.

Оқыту әдістемесіне байланысты «Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері» атты еңбегінде Г.Н. Қылышнязова, Г.Т. Сырлыбаевалар: «Сөйлеу мәдениетін, айтылым мәдениетін қалыптастырып, дамытуда ұлттық құндылықтар бірінші орынға шыққаны дұрыс. Себебі әрбір ұлттың рухани байлығының бейнесі, мәйегі оның ұлттық тілінің қорында орналасады» дейді [10, 254].

Сөйлеу мәдениетін дамытуға қатысты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері арасында эксперимент жасалды. Эксперимент жүргізу барысында мотивацияның аздығы, ойды нақты жеткізе алмау, сөздік қордың аздығы секілді бірқатар мәселелер байқалды. Эксперимент басталмас бұрын бақылаушы топ және тәжірибелік топ студенттері таңдап алынып, тест сұрақтары берілді. Нәтиже тең дәрежеде болды. Төмендегі кестеде эксперименттік топқа арналған тақырыптар берілді (№1-кесте).

1-кесте. Эксперименттік топ студенттеріне арналған тақырыптар

№	Тақырыптар	Әрекеттер
1	Сөйлеу мәдениетінің негіздері	Сөйлеу мәдениетінің принциптері бойынша интерактивті пікірталас Кейстерді талдау Топтық жалпылама талқылаулар
2	Ауызша сөйлеу айқындығы, мәнерлілік	Дауыс ырғағына байланысты тапсырмалар Айтылым жаттығулары Рөлдік ойындар
3	Тілді тиімді қолдану	Сөздік қорды арттыру тапсырмалары Лексикалық қателіктерді жою Әңгімелесу практикасы
4	Бейвербалды қарым-қатынас	Дене мүшелері көмегімен ойды түсіндіру Бейвербалды қарым-қатынас практикасы Рөлдік ойындар
5	Көпшілік алдында сөйлеу қағидаттары	Алдын-ала сөйлеуді дайындау Жалпы кеңестермен танысу Ұяңдықты жою

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жүргізілген зерттеулер барысында сөйлеу құзыреттілігінің деңгейі сөйлеу әрекетін кәсібилендіруге байланысты екендігі анықталды. Экспериментте ресми іскерлік, ғылыми және публицистикалық стильде жазылған кәсіби мәтіндер, аналитикалық материалдар, кәсіби қызметтік құжаттама қолданылды.

Жұмыс барысында студенттердің психологиялық ерекшеліктері (интеллектінің даму деңгейі, эмоционалдық тұрақтылығы, дипломатиясы, әлеуметтік интроверсиясы, ұяңдығы, қаттылығы, шамадан тыс бақылауы, импульсивтілігі) олардың сөйлеу дағдылары және қабілеттерімен салыстырылды. Содан кейін корреляциялық талдау жүргізілді, осы сипаттамалардың өзара тәуелділігі анықталды.


Бұл зерттеуде студенттердің жеке басын талдауға әр түрлі тәсілдер қолданылды. Ол – тұлғаның жеке блоктарын бөлуді көздейтін блоктық тәсіл. Бірінші блок нейропсихикалық процестердің (қарқындылық, жылдамдық, ырғақ, төзімділік) генетикалық анықталған көрсеткіштерімен байланысты. Бұл көрсеткіш студенттің тілдік тұлғасын (оқу, жазу, сөйлеу жылдамдығы) сипаттайды. Екінші блокқа жоғары психикалық функциялар – әлеуметтену процесінде қалыптасқан күрделі жүйелі психикалық процестер, яғни есте сақтау, зейін және тұлғаны қабылдау жатады. Студенттің «тілдік тұлғасына» қатысты мәтіндерді өңдеу көзделді (қайталау, түсіндіру). Мотивациялық-динамикалық тәсіл ескерілді.

Студенттердің сөйлеу дағдылары жеке тұлғаның қажеттіліктерін (мотивтерін) ескере отырып қарастырылды. Оқу іс-әрекетінің маңызды мотиві – кәсіби іс-әрекет жағдайында өзін-өзі тану және жүзеге асыру. Сондықтан сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруда студенттер үшін басты мотивке баса назар аударылды.

Бұл зерттеуде жеке қабілеттерді зерттеуге негізделген тәсіл қолданылды. «Тілдік тұлғаны» қалыптастыру үшін әр түрлі жұмыс түрлері қарастырылды. Экстраверт студенттер үшін ауызша мәтіндерге жүргізілген жұмыстар: әр түрлі стилистикалық реңктердегі сөйлеуді модельдеу, берілген тақырып бойынша жұмыстың пікірталас формалары. Интроверт студенттер жазбаша мәтіндермен жұмыс жасады. Олар: тест тапсырмалары, аннотация және реферат, үлгі бойынша мәтіндер құру, ресми іскерлік және ғылыми стильдегі мәтіндер. Зерттеу барысында сөйлеу дағдылары мен жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері арасында тікелей байланыс бар екендігі анықталды.

Нәтижелер. Эксперимент нәтижесінде мынадай тенденция анықталды: сөйлеу құзіреттілігінің даму деңгейі студенттің жеке басының эмоционалдылығымен, интеллектпен тығыз байланысты. Студенттің жеке басының эмоционалдылығы неғұрлым жоғары болса, сөйлеу дағдылары соғұрлым жоғары болады. Сондықтан оқытушы сабақты жандандырып, қызықты етіп өткізуі керек. Студенттерді белгілі бір мәселені эмоционалды талқылауға тарту, студенттердің эмоционалды реакциясын тудыратын мәтіндер дайындау керек.

Төмендегі суретте сөйлеу құзыреттілігінің эмоционалды факторға тәуелділігі көрсетілген.



1 - сурет. Сөйлеу құзыреттілігінің студенттердің эмоционалды көрсеткіштеріне тәуелділігі

Осы тенденцияға сүйене отырып, эмоционалды көрсеткіштің жоғарылауымен студенттің сөйлеу құзыреттілігі деңгейінің көрсеткіштері жақсаратындығы байқалды. Бұл эксперимент мәліметтерімен расталды. Эмоционалды көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру оңайырақ болады. Көптеген факторлардың әсерінен студенттердің психикалық тұрғыдан тұрақты динамикасы анықталды. Олар: әлеуметтік орта; кәсіптік және білім беру қызметінің шарттары және оны ұйымдастыру; қоршаған

ортаның әсері (сөйлеу құзыреттілігінің деңгейі, отбасылық орта, достар); ақпараттық коммуникативті орта; студенттің әлеуметтену деңгейі; университет оқытушыларының ауызша құзыреттілік деңгейі.

Психологиялық сипаттамалар аталған факторлардың әсерінен өзгереді, ал сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру технологиясын енгізу көрсеткіштерді өзгертеді. Бұл факторларды оқытушы студенттің сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруда ескереді.

Анықталған тенденциялар студенттердің сөйлеу құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі принциптерін және оларға қойылатын тиісті талаптарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Аталмыш критерийлерге сәйкес сөйлеу құзыреттілігінің үш деңгейі анықталды. Олар: жоғары, орташа және төмен. Сөйлеу құзыреттілігін қалыптастырудың жоғары деңгейі келесі белгілермен сипатталады:

а) кәсіби қызметте сөйлеу құзыреттілігінің маңыздылығын, сауатты ауызша және жазбаша сөйлеу;

ә) тіл нормаларын меңгеру (орфоэпиялық, лексикалық, сөзжасам, морфологиялық, синтаксистік, орфографиялық және пунктуациялық);

б) сөйлеу құзыреттілігінің критерийлерін меңгеру (нақтылық, дұрыстық, өзектілік, анықтық, тазалық, тіл байлығы, сөйлеудің мәнерлілігі), сөйлеу этикеті мен сыпайы қарым-қатынас формулаларын меңгеру;

в) қазақ әдеби тілінің ресми іскерлік стилін білу, оның мақсаты, ерекшеліктері, қызметі, жанрлары;

г) шешендік және риторикалық шеберліктің жоғары деңгейі.

Сөйлеу құзыреттілігінің орташа деңгейі келесі белгілермен сипатталады:

а) ауызша және жазбаша сөйлеудің жеткіліксіз дамуы;

ә) тілдік нормаларды (орфоэпиялық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, орфографиялық және пунктуациялық нормаларды) жеткіліксіз білу;

б) сөйлеу құзыреттілігінің критерийлерін (нақтылық, дұрыстық, өзектілік, анықтық, тазалық, тіл байлығы, сөйлеудің мәнерлілігі), сөйлеу әдебін және сыпайы қарым-қатынас формулаларын білудің жеткіліксіздігі;

в) қазақ әдеби тілінің ресми іскерлік стилінің ерекшеліктерін, қызметін, жанрларын жеткіліксіз меңгеру;

г) шешендік және риторикалық шеберліктің төмен деңгейі.

Сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу құзыреттілігінің қалыптасуының төмен деңгейі келесі белгілермен сипатталады:

а) сауатсыз ауызша және жазбаша сөйлеудің болуы;

ә) тіл нормаларын үстірт білу (орфоэпиялық, лексикалық, сөзжасам, морфологиялық, синтаксистік, орфографиялық және пунктуациялық нормалар);

б) сөйлеу құзыреттілігінің критерийлерін меңгерудің төмен деңгейі (нақтылық, дұрыстық, өзектілік, анықтық, тіл байлығы, сөйлеудің мәнерлілігі), сөйлеу әдебі мен сыпайы қарым-қатынас формулаларын білудің төмен деңгейі;

в) қазақ әдеби тілінің ресми іскерлік стилі, оның мақсатын, ерекшеліктерін, қызмет ету ерекшеліктерін, жанрларын білмеу;

г) шешендік және риторикалық шеберліктің төмен деңгейі.

Эксперимент барысында ассоциативті-рефлекторлық тұжырымдама негізінде жасалған және лингвистикалық пәндерді оқытуда дәстүрлі оқыту жүйесі студенттердің сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруда жоғары нәтиже бермейтіні анықталды. Бақылау топтарымен салыстырғанда эксперименттік топтарда сабақты ұйымдастыру мен өткізудің ерекшеліктері болашақ кәсіби іс-әрекеттің мазмұны тұрғысынан материалды қолдануда оқытудың белсенді әдістері тиімді екені байқалды. Студенттердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, негізгі жалпы білім беруде сөйлеу құзыреттілігін дамытуға жеке көзқарасты нығайту көзделді.

Ережелерді тестілеу оқу процесіне сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру технологиясын енгізу негізінде жүргізілді. Оқу барысында университет студенттерінде олардың психологиялық ерекшеліктерімен байланысты тыныс белгілерін, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық дағдыларды қалыптастыруға байланысты көптеген мәселелер туындайды. Әр түрлі жаттығуларды орындай отырып, студенттер грамматика саласындағы дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуына байланысты қиындықтарға тап болады (кез – келген грамматикалық норманың бұзылуы – сөзжасам, морфологиялық, синтаксистік).

Студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы тағы бір мәселе – студенттердің өзін-өзі жетілдіруге жұмсайтын уақытының жеткіліксіздігі, бұл олардың сөйлеу құзыреттілігінің деңгейіне сыни баға беруді көрсетеді. Өзін-өзі тәрбиелеу – жалпы ғылыми дайындықтың ажырамас бөлігі. Оның ішінде кәсіби (ғылыми) білім беруді сөйлеу мәдениетін жетілдіру тұрғысынан қарастыру керек. Университет студенттерінің сөздік қорын байыту үшін көркем әдебиетті мұқият оқып, театрларға, көрмелерге, мұражайларға жиі бару, сапалы бағдарламаларды көру, әлеуметтік желіні пайдалану, яғни сөйлеу мәдениетін өз бетінше жетілдіру қажет.

Университеттің оқу-тәрбие процесінде белсенді оқытудың формалары мен әдістері: электронды оқулықтар, топтық пікірталастар, рөлдік және іскерлік ойындар, компьютерлік және ақпараттық технологиялар. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту үшін бірқатар практикалық коммуникативтік дағдылардың шоғырлануын қамтамасыз ету керек.

Мамандарды тілдік даярлауда теориялық және практикалық деңгейлерін қамту керек. Теориялық деңгейде білім берудің компоненттері: болашақ мамандардың сөйлеу әрекетіне қойылатын әлеуметтік-кәсіби талаптар, оқу контингентінің ерекшелігі, университеттің білім беру ортасының ерекшеліктері туралы көзқарасы және осыған байланысты оқыту тәсілдері. Практикалық деңгей қазақ тілі мен сөйлеу мәдениетінің дәстүрлі сөйлеу курсы дамытуды, тіл материалы негізінде кәсіби бағдарланған курсты оқытуды көздейді.

Оқытушының мақсаты – өзінің риторикалық құзыреттілігін арттыру, студентпен диалогтік қарым-қатынас стилін орнату. Сөйлеу және тілдік құзыреттілікті дамытудың міндеті – студенттердің шығармашылығы мен дербестігін дамытатын білім беру ортасын құру, сонымен қатар сөйлеу құзыреттілігін жетілдірудің негізгі факторларын – рефлексия мен мотивацияны белсендіру. Төменгі курс студенттерімен жұмыс істеудің ең тиімді әдісі – портфолио әдісі. Ол студенттердің жетістіктеріне жүйелі мониторинг жүргізудің психологиялық тұрғыдан ыңғайлы тәсілдерін белгілейді. Олар: тілдік қабілетке негізделген типтік емес тілдік мәселелерді шешуге үйрететін эвристикалық диалог; практикаға негізделген дидактикалық материалды қолдана отырып, теориялық және әдістемелік зерттеу технологиясы; жағдайларды модельдеу жағдайында оқыту, педагогикалық тұрғыдан белсендіру, прагматикалық тілдік мінез-құлықты талдауға негізделген кейс әдісі; стилистикалық дағдыларды проблемалық оқыту әдістері (сызба түрінде ережелер құру, лингвистикалық мәселені шешу алгоритмін құру). Егер төменгі курс студенттерінің оқу-тәрбие ісі оқытушының бірлескен іс-әрекетіне қатысуды талап етсе, жоғары курс студенттерімен сабақ кәсіби бағдарланған бағдарламамен өзіндік жұмысқа арналады.

Эксперимент соңында студенттерден тест алынды. Нәтижесі №2-кестеде берілді.

2-кесте. Тест нәтижелері

№	Тақырыптар	Бақылаушы топ	Тәжірибелік топ
1	Сөйлеу мәдениетінің негіздері	9	7,5
2	Ауызша сөйлеу айқындығы, мәнерлілік	8,5	7
3	Тілді тиімді қолдану	8,5	6
4	Бейвербалды қарым-қатынас	8	7
5	Көпшілік алдында сөйлеу қағидаттары	9	7

Қорыта келе, эксперимент нәтижесінде студенттердің әдеби кітаптарға қызығушылығының төмендігі, әлеуметтік желінің ықпалы, қоршаған ортаның әсері секілді түрлі мәселелер анықталды. Студенттерге кемшіліктерді жою бойынша бағыт-бағдар берілді. Сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында бірнеше тақырыптан тұратын сабақ барысында студенттер мол мағлұмат алды.

Қорытынды. Эколингвистикалық бағыт аясында қарастырылатын мәселелер лингвистиканың өзге бағыттарының зерттеу нысандарымен сәйкес келеді, сол себепті эколингвистиканы жеке ғылыми бағыт емес, лингвистикалық зерттеулердің біріктіретін ыңғай ретінде қарастырған дұрыс.

Қазіргі қазақ қоғамында және білім беруде байқалатын сөйлеу дайындығы деңгейінің айтарлықтай төмендеуі мен маманның кәсіби дайындығының сапасын, оның ішінде кәсіби міндеттерді тиімді шеше алатын сөйлеу құзыреттілігін арттыру қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылық анықталды. Яғни болашақ мамандардың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың негізгі тенденцияларын анықтауға негіз болды. Сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру тенденцияларына мыналар жатады: университетте оқу процесінде сөйлеу іс-әрекетін кәсібилендіру жағдайында сөйлеу құзыреттілігінің деңгейін жоғарылату, бірқатар психологиялық ерекшеліктердің әсері (интеллект деңгейі, эмоционалды тұрақтылық, дипломатия, әлеуметтік интроверсия, ұялшақтық, қатаңдық, шамадан тыс бақылау, импульсивтілік) сөйлеу құзыреттілігінің дамуы мен қалыптасуына, сөйлеу құзыреттілігінің даму деңгейінің студент тұлғасының эмоционалды сферамен байланысы. Бұл көптеген факторлардың әсерінен студенттің психикалық тұрақты динамикасы интеллект пен өте жоғары корреляцияға ие. Сөйлеу құзыреттілігін дамытудың негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын білу оқытушыға студенттердің ана тіліне деген құрметін арттыруға, оның жүйесін меңгеруге және ана тілінде сөйлеу білімі мен дағдыларын жетілдіруге, оның құпияларын, ұлттық ерекшелігін түсінуге, мәдениетін арттыруға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.) – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі - Казахский литературный язык. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 472 б.
3. Балақаев М., Серғалиев С. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 239 б.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
5. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.
6. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.
7. Selvi A. F. World Englishes in the Turkish sociolinguistic context // World Englishes, – 2011. 30 (2). – P. 182-199.
8. Chen S. Language and ecology: A content analysis of ecolinguistics as an emerging research field. – Available at: URL: https://www.researchgate.net/publication/304069318_Language_and_ecology_A_content_analysis_of_ecolinguistics_as_an_emerging_research_field
9. Crystal D. Language and the Internet. Cambridge University Press, 2001.
10. Қлычаниязова Г.Н., Сырлыбаева Г.Т. Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №1. – 2024.– Б. 248-262. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.19>

М.С. АУГАНБАЕВА, Г.Б. МАМАЕВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ СТУДЕНТОВ

Аннотация. Изучение культуры речи среди студентов университета представляет собой сложную и многостороннюю работу, включающую лингвистические, социокультурные, психологические и технологические факторы. Данная работа основана на выявлении и уточнении концепций речевой культуры, акцентировании внимания на факторах, влияющих на ее развитие, анализе современного уровня речевой культуры студентов университета, выявлении различных проблем и трудностей, стратегическом планировании с целью совершенствования. Совершенствование культуры речи очень важно для будущего специалиста в аспекте академического развития и профессионального прогресса. Правильная речь студенческой молодежи на различных мероприятиях, в повседневной жизни, соблюдение норм устного общения – все это является предметом обсуждения. Распространение ряда языковых ошибок, таких как неправильное употребление словосочетаний, диалектное употребление слов, большое количество слов, заимствованных из русского, других иностранных языков, добавление сленговых слов беспокоит любого лингвиста-исследователя. Многие современные студенты сталкиваются с такими проблемами, как страх публичных выступлений, неправильный акцент, неправильная работа с тоном голоса, неправильное использование невербальных действий в речи. В ходе исследования были изучены пути формирования у студентов конкретных языковых навыков, пути совершенствования, пути борьбы с ошибками. Была проведена практическая работа, получены определенные результаты.

Ключевые слова: культура речи, чистота языка, студенты вузов, молодежный язык, система знаний, культура устной речи.

M. AUGANBAYEVA, G. MAMAYEVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

METHODS OF DEVELOPING STUDENTS' SPEECH CULTURE

Annotation. The study of speech culture among university students is a complex and multifaceted work that includes linguistic, socio-cultural, psychological and technological factors. This work is based on the definition and clarification of the concepts of speech culture in the context of the University, attention to the factors influencing its development, analysis of the current level of speech culture of university students, identification of various problems and difficulties, strategic planning for the purpose of improvement. Improving the culture of speech is very important for the future professional for academic development and professional advancement. It is known that in compliance with the norms of oral communication, the correct speech of student youth at various events and in everyday life is discussed by society. Any linguist-researcher is concerned about the increase in a number of errors in the language of youth, such as incorrect use of phrases by young people, excessive use of words from dialects, Russian, other foreign languages, and the addition of slang words. In addition, many modern students have such problems as squinting in public speech, incorrect emphasis, lack of work with the tone of voice, incorrect use of nonverbal actions in speech. Therefore, in the course of the study, the path to the formation of specific language skills of students, the path to improvement, and ways to combat mistakes were studied. In addition, experimental work was carried out and the results were shown.

Keywords: culture of speech, language purity, university students, youth language, education system, culture of oral speech

References

1. Baitürsynov A. Şyğarmalary: öleñder, audarmalar, zertteuler [Works: poems, translations, research] (Qūrast. Şarıpov Ä., Däuntov S.) – Almaty: Jazuşy, 1989. – 320 b., portr., suretti.
2. Balaqaev M. Qazaq ädebi tılı - Kazahski literaturnyi iazyk [Kazakh literary language] – Almaty: Daik-Press, 2007. – 472 b.
3. Balaqaev M., Serğaliev S. Qazaq tiliniñ mädenieti [Culture of the Kazakh language] – Almaty: Däuir-Kitap, 2013. – 239 b.
4. Syzdyq R. Tildik norma jäne onyñ qalyptanuy (kodifikasiy) [Language norm and its normalization (codification)] – Astana: Elorda, 2001. – 230 b.
5. Uäli N. Söz mädenieti [Culture of the word]. – Almaty: Mektep, 1984. – 75 b.
6. Älkebaeva D.A. Söz mädenieti: Oqu qūraly [The word is mädenieti: Oqu qūraly] – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 196 b.
7. Crystal D. Language and the Internet. Cambridge University Press, 2001.
8. Selvi A. F. World Englishes in the Turkish sociolinguistic context // World Englishes, – 2011. 30(2). – 182-199 p.
9. Chen S. Language and ecology: A content analysis of ecolinguistics as an emerging research field. [Electronic resource]. – Available at: URL: https://www.researchgate.net/publication/304069318_Language_and_ecology_A_content_analysis_of_ecolinguistics_as_an_emerging_research_field
10. Klychniazova G.N., Syrlybaeva G.T. Oquşylardyñ aitylym mädenietin qalyptastyruyñ lingvistikalıq aspektleri [Linguistic aspects of the formation of students' speech culture] // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. №1. – 2024. – Б. 248-262. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.19>

Авторлар туралы мәлімет:

Ауғанбаева Мархаба Сәлімгерейқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Ауғанбаева Мархаба Салимгереевна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Auganbayeva Markhaba Salimgereyevna – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Мамаева Гүлнар Бейсенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Мамаева Гүлнар Бейсеновна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Mamayeva Gulnar Beisenkyzy, – Candidate of Philological Science, Associate Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.